

## Алкогольді өнімдер өндіру құқына рұқсат беру тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 21 қазан N 1182. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Арақ-шарап бұйымдарын өндіруді тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылдың қазанынан алкогольді өнімдер өндіру құқына рұқсат беру жүйесі енгізілсін.

2. Алкогольді өнімдер өндіру құқына рұқсат беру тәртібін және ол үшін төлем алуды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет белгілейді деп белгіленсін.

3. Алкогольді өнімдер өндіру құқына рұқсат беру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің орталық аппаратының саны 2 адамға көбейтілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған жұмыстарды қаржыландыру көздерін айқындайтын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі облыс, қала және аудан әкімдері осы қаулының орындалуына тиісті дәрежеде бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 9 айдың нәтижелері бойынша бюджетті нақтылау кезінде 30 млн. теңге сомасында Өскемен қаласында, 50 млн. теңге сомасында Павлодар қаласында спирт өндірісі бойынша салынып жатқан қуаттарды аяқтау үшін және оларды осыған орай 1994 жылдың ІҮ тоқсаны мен 1995 жылдың І тоқсанында өндіріске енгізу үшін қаржы бөлуді көздесін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*